ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 31 шілде Іс №1912-24-00-2/1622 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы Д.Туткабек отырып
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша қоғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Көктөбі әкіінің аппараты ауылдық округі Енбекшіқазақ ауданы Алматы облысы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SkyStroy group» жауапкершілігі шектеулі серіктестегі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1/. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2/. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Уразбаев Н.
Талап қоюшы өкілі Саменов Б.жауапкердің өкілі Кусаинов М.С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 1 наурызында талап қоюшы «Көктөбі әкіінің аппараты ауылдық округі Енбекшіқазақ ауданы Алматы облысы» және жауапкер «SkyStroy group» жауапкершілігі шектеулі серіктестегі арасында балалар және спор аланың орналастыру жұмыстарын орындау бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасақталған.

Шарттың жалпы құны 2 140 000 теңге.

Бірақ жауапкер өз міндеттерің жасалмаған.

Талап қоюшының өкілі сотта талап қою арызын толығымен қуаттап, жауапкерды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануды және мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сотта тұрақсыздық айыбымен толығмыен келісіп, жосықсыз қатысушысы дет танудан бас тарту соттан сұрады.

Прокурор өз қорытындысында талап қоюды тодығыымен қанағаттандуруға сотта сұрады.

<u>ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесттік кодекстің /әрі қарай АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерың толығымен орындалған жоқ. Келісім шарт біржақты талап қоюшынын тарапынан 2024 жылы 15 мамырда бұзылды.

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызын қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

Заңының 43 бабы 24 тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші

Сот өндірісі - Судопроизводство
ЕРЕЛІК СОТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - ЕДИНАЯ СУДЕБНАЯ СИСТЕМА «ТОРЕ»
Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 31.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Байбутаев Е. Д., 16.09.2024
1912-24-3-1/1661

тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

Шарттардың 8.3 тармағына сәйкес Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады.

Талап қоюшы жауапкерден Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін кешіктіріп орындағаны үшін 32 100 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сол себептен талап қоюшының 32 100 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын жауапкердің атынан мемлекеттік пайдасына өндіру туралы талабы қанағатандыруға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі –АПК) 117-шы бабының 1-ші бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 2 809 тенге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Көктөбі әкіінің аппараты ауылдық округі Енбекшіқазақ ауданы Алматы облысы» мемлекеттік мекемесі жауапкер «SkyStroy group» жауапкершілігі шектеулі серіктестегіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«SkyStroy group» жауапкершілігі шектеулі серіктестегіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды.

«SkyStroy group» жауапкершілігі шектеулі серіктестегінің атынан мемлекеттік пайдасына 32 100 /отыз екі мың бір жүз/ теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндірілсін.

«SkyStroy group» жауапкершілігі шектеулі серіктестегінің атынан мемлекет пайдасына сот шығындарын 2 809 /екі мың сегіз жүз тоғыз/ теңге өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 31.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Байбутаев Е. Д., 16.09.2024

облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 31.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Байбутаев Е. Д., 16.09.2024

1912-24-3-1/1661